

Атырау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 19 мамырдағы №968 қаулысы

Сергей Васильевич Щадилов пен Елена Сергеевна Щадиловаға берілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84-баптарын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабын басшылыққа алып және «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 28 сәуірдегі №06-02-04-7/1137 хаты негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік нысандар (сквер) салу жоспарлануына және басқа мүмкіндіктердің болмауына байланысты, Сергей Васильевич Щадилов (810327301550) пен Елена Сергеевна Щадиловаға (850516499037) пәтер үшін берілген Атырау қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, №21 үй, №1 мекенжайында орналасқан (04-066-031-523) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Аталған жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2027 жылдың 30 сәуірі болып белгіленсін.
3. Келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер учаскесінің меншік иелігеріне Атырау қаласы, Сұлтан Бейбарыс даңғылы, №500 мекенжайы бойынша орналасқан «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі ғимаратына хабарласу ұсынылсын.
4. Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жер учаскесі «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атына рәсімделсін.
5. «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаулының жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

Қала әкімі **Ш.Кейкин**

Атырау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 19 мамырдағы №967 қаулысы

Манарбек Тольбекович Тольбеков пен Гаухар Амангельдиевна Қасымоваға берілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84-баптарын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабын басшылыққа алып және «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №06-02-02-4/1169 хаты негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік нысандар (сквер, саябақ) салу жоспарлануына және басқа мүмкіндіктердің болмауына байланысты, Манарбек Тольбекович Тольбеков (780728303152) пен Гаухар Амангельдиевна Қасымоваға (800709402391) үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін берілген Атырау қаласы, Балықшы шағын ауданы, Айнаш Байжігітова көшесі, №82-В құрылыс мекенжайында орналасқан (04-066-044-795) көлемі 0,1488 гектар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Аталған жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2027 жылдың 30 сәуірі болып белгіленсін.
3. Келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер учаскесінің меншік иелеріне Атырау қаласы, Сұлтан Бейбарыс даңғылы, №500 мекенжайы бойынша орналасқан «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі ғимаратына хабарласу ұсынылсын.
4. Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жер учаскесі «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атына рәсімделсін.
5. «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаулының жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

Қала әкімі **Ш.Кейкин**

Атырау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 19 мамырдағы №969 қаулысы

Жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84-баптарын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабын басшылыққа алып, «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» басшысының 2026 жылғы 30 сәуірдегі №06-02-02-4/1167 хаты негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік нысандар салу жоспарлануына және басқа мүмкіндіктердің болмауына байланысты, Атырау қаласы, Бақсай өткелі, №15 және №17 үйлер мекенжайында орналасқан қосымшаға сай (2 жер пайдаланушы) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Аталған жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2027 жылдың 30 сәуірі болып белгіленсін.
3. Келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер учаскесінің меншік иесіне Атырау қаласы, Сұлтан Бейбарыс даңғылы, №500 мекенжайы бойынша орналасқан «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне хабарласу ұсынылсын.
4. Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жер учаскелері «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің атына рәсімделсін.
5. «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаулының жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

Қала әкімі **Ш.Кейкин**

Атырау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 19 мамырдағы №969 қаулысына қосымша

Әлеуметтік нысандар салу жоспарлануына байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізімі

№	Меншік иесі	Орналасқан жері, көлемі	Кадастр №
1	Пшенбаев Алтынбек Зирашович	Бақсай өткелі, №17 үй, 0,0992 га	04-066-027-018
2	Мадиева Айгул Темирбаевна Мадиев Арман Темирбаевич	Бақсай өткелі, №15 үй, 0,0900 га	04-066-027-338

Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімінің басшысы **Ж.Жумағалиев**

ИМАНҒАЛИ Құмар Жарылғасұлы

Иманғали Құмар Жарылғасұлы 25 қараша 1950 жылы Атырау қаласында туған. 1959-1969 жылдары Атырау қаласының №8 орта мектебінің түлегі. 1969 жылы Алматы медицина институтына түсіп 1975 жылы ойдағыдай емдеу факультетін бітірген. Интернатураны бітірген соң Атырау қаласындағы облыстық аурухананың уронефрология бөлімшесінде дәрігер нефролог болып еңбек етті. 1997 жылдан осы аурухананың жаңадан құрылған нефрология және гемодиализ бөлімшесінің алғашқы меңгерушісі.

1978 жылы Мәскеу қаласындағы Пирогов атындағы мемлекеттік медицина институтының нефрология және урология кафедрасында нефрология және гемодиализ жөнінде біліктілік курсынан өтсе, одан кейінгі жылдарда нефрология және гемодиализ бойынша Мәскеу, Санкт-Петербург, Алматы қалалары мен Италиядағы орталық институттарда өз біліктілігін жетілдірді.

Ол облыстық ауруханадағы алғашқы нефролог дәрігер, және тұңғыш рет нефрологиялық науқастарды емдеуді меңгерген, емдеу жүйесін енгізген маман.

Құмар Жарылғасұлы экстракорпоральды детоксикация жөнінде бірінші дәрігер. Ол 1993 жылы 27 қаңтар күні экстракорпоральды емдеу әдістерінің бірі – гемодиализді енгізген. Кейін 1997 жылы қан тазарту әдісі – мембранды плазмозофорезді Қазақстанда бірінші енгізді. Жоғары санатты дәрігер.

Үйленген, отбасында жолдасы екеуі үш бала тәрбиелеп отыр.

Иманғали Құмар Жарылғасұлы — Атырау облысындағы нефрология саласының негізін қалаған алғашқы дәрігер-нефрологтардың бірі, тәжірибелі гемодиализ маманы, медицина саласының ардагері. Ол еңбек жолын 1975 жылы Атырау облыстық ауруханасында бастап, 40 жылдан астам уақытын нефрологиялық науқастарды емдеуге арнады. Мәскеу, Санкт-Петербург және Алматы қалаларында білімін жетілдіріп, өңірде нефрология қызметінің дамуына зор үлес қосты.

1992 жылы Атырау облысында алғаш рет гемодиализ емін енгізіп, терминальді бүйрек жеткіліксіздігіне шалдыққан науқастарға өмір сыйлаған дәрігерлердің бірі болды. Сонымен қатар, мембранды плазмозофорез әдісін енгізуге атсалысып, ауыр иммунологиялық және улану жағдайларын емдеуде жаңа мүмкіндіктер ашты.

2002 жылы облыстық аурухана құрамынан нефрология және гемодиализ орталығының ашылуына ұйытқы болып, көптеген жас мамандарға тәлімгерлік етті. Қазақстанда алғаш рет созылмалы бүйрек жеткіліксіздігімен ауыратын жүкті әйелдерге гемодиализ жүргізу арқылы жүктілікті сағтты аяқтау тәжірибесін практикаға енгізген алғашқы нефролог дәрігерлердің бірі ретінде танылды.

Иманғали Құмар Жарылғасұлы — өз ісіне адал, адам өмірін сақтауға бар ғұмырын арнаған білікті дәрігер, ұлағатты ұстаз. Оның медицина саласындағы еңбегі мен кәсіби тәжірибесі кейінгі буын үшін әрдайым



үлгі болып қала береді.

Атырау облыстық ауруханасы ұжымы белгілі дәрігер, ардақты ұстаз, нефрология саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан Иманғали Құмар Жарылғасұлы дүниеден өтуіне байланысты отбасы мен туған-туыстарына, әріптестері мен шәкірттеріне қайғырып көңіл айтады.

Иманғали Құмар Жарылғасұлы бүкіл саналы ғұмырын медицина саласына арнап, Атырау облысында нефрология және гемодиализ қызметінің қалыптасуына зор еңбек сіңірді. Ол мыңдаған науқасты өміріне арша болып, көптеген жас мамандарға бағыт-бағдар берген білікті дәрігер, абзал жан еді.

Марқұмның жарқын бейнесі, адамгершілігі мен кәсіби біліктілігі әріптестерінің жадында мәңгі сақталады.

Қаралы күнде отбасы мен жақындарының қайғыларына ортақтасып, сабыр мен төзім тілейміз.

Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Қайғырып, көңіл білдіруші:
Атырау облыстық ауруханасы ұжымы

«ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДІҢ, ОНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІН БЕЛГІЛЕУДІҢ ЖӘНЕ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №523 қаулысына өзгерістер енгізілу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 31 наурыздағы №202 қаулысымен өзгеріс енгізілді.

Өзгеріс Мемлекеттік қолдаудың атаулылығын және тиімділігін арттыру мақсатында әлеуметтік төлемдерді біріздендіру жөніндегі тапсырмаларды іске асыру үшін бағытталып отыр.

Соған сәйкес, Атырау қаласы мәслихатының 2026 жылдың 30 сәуірде №218 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешімі қабылданып, төмендегідей өзгерістер енгізілді.

- Жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға жылына 3 (үш) рет берілетін әлеуметтік көмек 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі күніне орай 27 (жиырма жеті) айлық есептік көрсеткіш (116 775тг) мөлшерінде;
- Жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды, жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларды қоспағанда, барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға жылына 2 (екі) рет берілетін әлеуметтік көмек 25 қазан – Республика күніне орай 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш (86500тг) мөлшерінде;
- Табысы есепке алынбай, ақшалай көмек түріндегі әлеуметтік көмек бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға бір рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (64875 тг) көрсетілетін болады.

Сонымен қатар, бірнеше негіз болған жағдайда мереке күндеріне және атаулы күндерге орай әлеуметтік көмек бір негіз бойынша тағайындалатын болады.

АТЫРАУ ҚАЛАЛЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

Мүгедектігі бар адамдардың жеке оналту бағдарламасына сәйкес көрсетілетін жеке көмекші қызметі туралы ақпарат.

Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп тұруы қиын бірінші топтағы (I топ) мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекші қызметін ұсынады.

Жалпы, жеке көмекші дегеніміз жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды бірге алып жүру және объектілерге барған кезде көмек көрсету бойынша қызметтер көрсететін адам. Жеке көмекші қызметі мүгедектігі бар адамның қоғам өміріне белсенді араласуына, әлеуметтік және тұрмыстық қажеттіліктерін өз бетінше орындауына қолдау көрсетуге бағытталған. Сонымен қатар, жеке көмекші қызметі көрсетілетін азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, олардың өмір сапасын арттыру мақсатында қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Мүгедектігі бар адамды оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес жеке көмекші қызметін алу үшін тұрғылықты жеріңіздегі «Азаматтарға арналған үкімет» (Цон) немесе «Электрондық веб-портал» арқылы өтініш беру қажет.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің Вице министрі В.Шегайдың 2025 жылдың 18 қарашадағы №05/7125-И хатына сәйкес, 2023 жылғы 30 маусымдағы № 288 бұйрығымен бекітілген «Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің қызметтерін ұсыну қағидалары» (бұдан әрі - Қағидалар) жеке көмекші қызметтерінің (бұдан әрі - ЖКК) құнын өтеуді 2026 жылдан бастап жергілікті атқарушы органдар арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы төлем жасау енгізілгенін хабарлайды.

Сондай-ақ, қазіргі таңда жеке көмекші қызметтерінің (бұдан әрі - ЖКК) ақысын төлеу жергілікті атқарушы органдар арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен атқарылып отырғанын қаперіңізге береміз.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«CT Solutions» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес 23.06.2026 жылы сағат 15:30-да Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкөмген а. о., Майкөмген а., Қарашүңгіл көшесі, 4-ғимарат, мәдениет үйінің ғимараты мекен-жайы бойынша «Атырау облысының Жылыой ауданында «Retromaster CF5000» трикантерлік центрифугасын қолдана отырып, мұнай шламын және түбіндегі шөгінділерді қайта өңдеу» жұмыс жобасына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 46°09'12''СЕ, 53°26'14.5''ШБ.

ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы қосылу үшін шақыру сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOjWjdtzHkmQoqFvFPG.1>

Конференция идентификаторы: 984 078 7984

Қатынас коды: 123456

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87024190246 телефонына хабарласуға болады.

Бастамашының реквизиттері мен байланыс деректері: «CT Solutions» ЖШС, БСН 040440007912, заңды мекен-жайы: индекс 050032, ҚР, Алматы қ., Медеу ауданы, Алатау шағынауданы, Ибрагимов көшесі, 9 үй, «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы, Әкімшілік ғимарат, 3 қабат «В» блогы, №305 кенес. Тел.:+7 7242 400 038.

Жобаны құрастырушылардың реквизиттері мен байланыс деректері: «EcoSmart» ЖШС, Астана қ., Нұра ауданы, Санжар Асфендияров көшесі, 3 үй, 180 пәтер, пошта индексі 010000, БСН 240840011111, тел.: 87024190246.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алу үшін байланыс деректері: gul_shat_k@mail.ru, 87024190246.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошта мекен-жайы: Жергілікті атқарушы орган – «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошта мекен-жайы: 060011, Атырау облысы, Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, электрондық пошта: atg.priroda@atyrau.gov.kz. Тел.: 8(7122)32-55-09.

Жобалық құжаттамамен Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz), сондай-ақ жергілікті атқарушы органның сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/1?lang=ru> танысуға болады.

Барлық ескертулер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулардың басталуынан 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық деректер банкі сайтында (ndbecology.gov.kz) қабылданады.

«Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу бағытындағы сенім телефоны: 8 7122/ 30-81-79.

«BM Holding» ЖШС 2026 жылдың 29 мамыр мен 5 маусым аралығында Қоршаған орта және табиғи ресурстар жай-күйі ұлттық деректер қорының <https://ndbecology.gov.kz> сайтында «Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Ертіс көшесі, 15-құрылыс мекенжайында орналасқан зауытта дайындалған RD-60 блокты-модульді асфальтбетон зауыттың салу және пайдалану» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Бастамашы: «BM Holding» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, №217 көшесі, 27 үй, 28 пәтер. БСН 121140022030.

Жобалық құжаттама пакетін ескертулер мен ұсыныстар үшін Қоршаған орта және табиғи ресурстар деректерінің Ұлттық деректер қорының (<https://ndbecology.gov.kz>) сайтында көруге болады.

Жарнама байланыс телефоны:

45-85-67